



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

爱慕—喜爱 安然—安稳 遨游—游览 奥秘—神秘 懊悔—后悔
 报酬—酬劳 悲哀—悲伤 崩塌—倒塌 必然—必定 避免—幸免 便宜—廉价 培育
 猜测—推测 才干—才能 采用—采纳 诧异—惊诧 颤动—抖动 沉浸—沉醉
 惩罚—惩处 迟延—拖延 耻笑—讥笑 炽热—酷热 憧憬—向往 酬谢—答谢
 啜泣—抽泣 创造—制造 绰号—外号 慈悲—慈善 慈祥—慈爱 葱茏—葱郁
 聪明—聪慧 催促—督促 璀璨—明亮
 打扮—装扮 打搅—打扰 胆怯—害怕 淡忘—忘却 调皮—淘气 叮嘱—嘱咐
 陡崖—悬崖 妒忌—嫉妒 对付—应付 对照—对比
 恩赐—赏赐
 发布—公布 发誓—宣誓 发展—进展 繁殖—生殖 反抗—抵抗 防御—防备
 妨碍—阻碍 分量—重量 分外—格外 愤怒—愤慨 锋利—锐利 服侍—侍侯
 浮现—出现 赋予—给予
 告别—告辞 恭敬—尊敬 估计—估量 鼓励—鼓舞 固然—当然 故意—有意
 关心—关怀 管理—治理 贯通—贯穿 瑰宝—珍宝
 含糊—模糊 寒冷—严寒 和蔼—和气 宏伟—雄伟 欢跃—喜悦 环绕—围绕
 荒芜—荒凉 回顾—回忆 汇集—汇合 获取—猎取 祸患—祸害
 机灵—灵巧 积累—积存 即将—马上 疾驰—飞奔 寄托—寄予 讥笑—嘲笑
 坚固—牢固 坚毅—坚强 艰苦—艰难 艰难—困难 建造—建筑 交织—交错
 娇嫩—柔嫩 节制—克制 竭力—尽力 解救—拯救 谨防—防备 谨慎—慎重
 惊险—危险 精密—周密 精致—精巧 敬仰—仰慕 境界—境地 居然—竟然
 绝望—无望

Қолданылған әдебиет

1. Ху Үйшу. Қазіргі заман қытай тілі. – Шанхай: Шанхай ағарту баспасы, 1987.
2. Хуаң Божоң, Лияо Шүйдоң. Қазіргі заман қытай тілі. – Бейжің: Жоғарғы ағарту баспасы, 1997.
3. У Джанкун, Ваң чин, Қазіргі заман қытай тілі лексикасының негізгі принциптері. – Хух-хото: Ішкі монғол халықтық баспасы, 1983.
4. Джоу Үйкун. Синонимдер мен жақын мағыналы сөздердің бөлінуі. – Цзинань: Шандоң халықтық баспасы, 2001.

ӘОЖ 811.581'372

ИДИОМАЛАРДЫҢ ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНДЕ КЕҢ ТҮРДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қазбек Ақтоты

aktoty_kazbek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Шетел филологиясы: қытай тілі» мамандығының II курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Тойбол Қарақат

Ұлттар арасындағы қарым-қатынас пен өзара түсіністік күн өткен сайын көкейкесті мәселеге айналып жатыр және де бірінші орынға өзіндік ерекшелік пен мәдениеттегі айырмашылық шығады. Кез-келген шетел тілін оқып-үйренген кезде сол елдің мәдениетіне, тарихына үлкен мән беру қажет, себебі, тек тілді ғана үйреніп қоймай, сол ұлттың дәстүрін, әдет-ғұрыптарын білу абзал.

Қазақ студенттерінің қытай тілін оқып үйренуінің барысында көптеген қиыншылықтар туындайды. Оның бір себебі Қытай мен Қазақстан мәдениеттерінің бір-бірінен алшақ болуында. Ол үшін студент санасы кезеңдеп қалыптасуы қажет. Оқушының шығармашылық

мүмкіншіліктерінің дамуы, тілге, мәдениетке, Қытай тарихына деген қызығушылығының оянуы үлкен рөл ойнайды. Әрбір елдің өзіне тән тілдік құралдары мен әдістері бар.

Негізгі қарастырайын деген тақырыбым - қытай фразеологизмдері, оларды зерттеудің қиыншылықтары. Фразеологизм дегеніміз – екі немесе бірнеше сөздердің тіркесуі арқылы тұтас бір мағына беретін сөз тіркестері. Негізі фразеологизмдер бірнеше жыл бойы мәдениет, тарих, салт-дәстүрлер арқасында пайда болған деп саналады.

Қытай фразеологизмдері 成语 (chengyu) деп аталады, және олар көбінесе төрт иероглифтен тұрады. Чэньюйлардың негізін көне қытай жазу тілі 文言 –нан қалған сөздер құрайды. 文言-дардың қазіргі тілмен ортақ нәрсесі аз болғандықтан, көптеген чэньюйлердің мағынасын оларды құрайтын иероглифтердің мағынасын ұғу арқылы түсіну мүмкін емес[1,19]. Оларды тек жаттау керек. Сондықтан чэньюйларды білу сауаттылықтың белгісі болып есептеледі. Алайда барлық чэньюйлар көне кезден келе жатыр деп айта алмаймыз. Пайда болғанына көп уақыт өтпегендері де өте көп, сол себепті олардың мағынасын түсіну қиынға соқпайды.

Қытай және қазақ фразеологизмдерінің айырмашылығына тоқталатын болсақ, қытай фразеологизмдері табиғат, жануарлар, айдаһар, халыққа әйгілі қаһармандарға қатысты тақырыпта көп кездеседі. Араларында нейтралды тіркестер де бар. Ал қазақ тіркестері көбінесе тұрмысқа, адамға байланысты болады.

Қытай тілінің тұрақты тіркестерінің ерекшелігі - қысқалығы әрі мазмұндылығы. Қытай идиомаларының көбісі төрт иероглифтен тұрады дедік, оған, мысалы, мына идиома жатады: «有声有色». Бұның әдеби мән-мағынасы мынадай: дыбысы бар және түсі бар, яғни "тірі" әрі "айқын".

«桃李满天下» сияқты үш немесе төрттен көп иероглифтен тұратын идиомалар да бар. Оның мағынасы былай: «шабдалы мен кара өріктің гүлі бар әлемде гүлдейді». Бұл идиома көп шәкірті бар ұстаз туралы айтқанда қолданылады.

Басқа мысал келтіріп көрейік, «有志者事竟成». Бұл идиоманы бір нәрсеге үлкен ұмтылысы бар адам ақырында сол істе жетістікке жетеді деген ойды жеткізу үшін айтады.

Осы және басқа да идиомалар Қытайдың әсерлі әрі алуан түрлі әлемінің көрінісін береді. Олардан адамдар қытай мәдениетінің, соның ішінде астрономия, география, тарих, әдебиет, өнер, адамгершілік, этика және т.б. көптеген аспектілеріне қатысты мәліметтер ала алады.

Қытай идиомаларының шығу тарихына келер болсақ, оның 3 бастамасы бар. Олардың бірі – мифология [2,16]. Оған бірнеше мысалдар келтіре кетейік.

«八仙过海» идиомасы «сегіз ажалсыз өзінің ерекше құдіретті қабілеттерін қолданып теңізді кешіп өтті» деген мағына береді және мақсатына жету үшін ерекше дарынын қолданған сегіз ажалсыздың әрқайсысына қатысты айтылған.

«天衣无缝» идиомасы «бір нәрсені таза, дұрыс істеу» деген мағына береді.

«点石成金» - бір нәрсе еш мінсіз, керемет жасалған кезде айтады.

Көптеген идиомалар мысалдардан бастау алады. Бірнеше мысал келтірейік.

«刻舟求剑». (Бұл идиомада қайықпен жүзіп келе жатып қылышын суға түсіріп алған адам туралы айтылады; ол қылышын табу үшін суда жүзіп келе жатқан қайыққа қылышы құлаған жерде белгі салады). Аталмыш идиома қандай да бір істі бұрыс істейтін, қырсық немесе жағдай өзгерген кезде жұмыс әдісін өзгерткісі келмейтін адамдар жайында баяндайды.

«守株待兔» идиомасында жүгіріп келе жатқан қоян ағашқа қатты соғылып қалып, келесі қоянның да дәл солай ұрынғанын күтіп ағаш түбіне отырғаны айтылады.

«拔苗助长» идиомасы жас өскінді өсуіне көмектесем деп жоғары тартқылаған адам жайында.

«滥竽充数» идиомасы көне тарихта болған жағдай: юй аспабында ойнай алмаған адам осы аспапта ойнайтын кәсіпқой музыканттар арасына араласып кетіп, ол да кәсіпқой музыканттың кейпін танытыпты.

«亡羊补牢». Мұнда шарбақтың кесірінен қойды қасқыр жеп қояды, енді тағы да соның кесірінен қойларын жоғалтып алмауы үшін шарбақты жөндеу керек екенін айтады, сонымен қатар ешқашан сақтық шараларын жүргізу кеш емес екенін де білдіреді.

Қытай идиомаларының тағы бір бастамасы - қытай халқының тарихи әңгімелері. Идиомалардың кейбіреулері тура қытай әдебиетінен шыққан [2,38]. Тағы біреулері - Көне Қытай кезіндегі мақалалардың қысқартылған нұсқасы, ал енді біреулері шетел мәдениетінің енуінен пайда болған немесе қарапайым халық арасындағы жиі қолданатын ауызекі сөйлемдерден шыққан[2,40].

Қытай идиомаларының көбісі Конфуцийшілдіктің, Даосизмнің және Буддизмнің классикалық әңгімелерінен шыққан(Бұл жайында төменде сөз етіледі).

Одан өзге кейбір қытай идиомалары қытай халқының «完璧归赵» сияқты тарихи әңгімелерінен шыққан. Бұл идиома Чжао халқының Премьер-министрі Линь Сянжу сол кездегі қуатты Цинь еліне өте құнды нефритті жерге айырбастауға алып келеді. Цинь басшысы нефритті өзіне қалдырып, Чжао еліне жерді бермей қояр ойы бар екенін білген кезде Линь Сянжу ерлік көрсетіп, белгілі бір стратегия көмегімен нефритті туған еліне қайтіп апарды.

«负荆请罪». Бұл идиома Чжао елінің атақты генералы Лян По тарихымен тығыз байланысты. Чжао елінің Премьер-министрі Линь Сянжу халық игілігі үшін онымен жанжалдасқысы келмейтінін білген кезде Лян По арқасына жас шыбықтарды арқалап Линьге барып, өзін сонымен жазалауын сұрапты.

«一鼓作气» идиомасының мағынасы - жауынгерлердің рухы барабанның алғашқы даңғырымен көтеріледі.

«破釜沉舟» идиомасы да тарихи оқиғалармен байланысты. Жаумен шайқасу үшін өзеннен өткен соң, Чу елінің генералы Сян Юй өз әскеріне жақсылап тамақтанып алып, артынша қазандарды сындырып, қайықтарды суға батырып тастауды бұйырады, осы арқылы әскеріне жеңіске жету үшін күресуден басқа жол қалдырмауды көздеген.

Қытай идиомаларының төртінші бастамасы әдебиет болып табылады. Төменде бірнеше мысалдар келтірілген.

«世外桃源» идиомасында бейбітшілік пен бақыт орнаған мына әлемнен өзге бір жер туралы айтылады. Бұл идиома атақты Тао Юаньмин (Батыс Цзинь династиясының атақты ақыны) шығармасынан шыққан.

«乘风破浪» - желді мініп, толқынды сындыру деген мағынада. Бұл идиоманы шешімі киын проблемаларды жеңуде үлкен шамшылдықпен, кеудемсоқтықпен кірісетін адамдар жайында айтқанда қолданады.

«老骥伏枥» идиомасы Үш Патшалық кезеңінде билік еткен Цао Цао туралы поэмадан шыққан. Мұнда әлі күнге дейін шоқырақпен мыңдаған шақырым жерді шауып өтуді аңсайтын кәрі жаугер ат туралы айтылады.

«水落石出» идиомасында былай делінеді: құз су құлаған кезде пайда болады, бұл шындық ақыры соңында айқын болады деген сөз. Идиома Сун династиясының атақты ақыны Су Ши еңбегінен шыққан.

Конфуцийшілдік, Даосизм және Буддизм дәстүрлі қытай мәдениетінің негізгін құраушы болып табылады. Бұл үш діннің идеясы қытай идиомаларында көрініс табады. Көптеген қытай идиомалары осы үш дінге қатысты тақырыптармен байланысты. Конфуцийшілдіктің идеясы 2000 жылдан астам уақыт бойы дәстүрлі қытай мәдениетінде жетекші рөл атқарды. Конфуцийшілдіктің аспектілерін бойына сақтаған көптеген идиомалар бар, мысалы, адамгершілік пен тәрбиені жетілдіру[3,65]. Төменде осындай бірнеше мысал келтірілген.

«见利思义» идиомасында адам өз қызығушылықтарымен бетпе-бет тұрып, әлемде бар принциптерге сай келем бе деп ойланады делінеді. Бұл идиома Конфуцийдің «Лунь Юй» деген еңбегінен алынған. Конфуцийдің шәкірті Цзы Лу Конфуцийден ересек адам қандай болу керек деп сұрапты. Конфуций: «Өз қызығушылықтарының алдында адам алдымен бұл

қағидаттарға сәйкес келе ме деп ойлануы керек, қарсыласты көріп адам нені уәде еткені туралы ойлануы керек. Бұл - ересек болу үшін қойылатын негізгі талаптар» деп жауап беріпті.

«见贤思齐» идиомасы да Конфуцийдің «Лунь Юй» атты еңбегінен шыққан. Онда біреу өзінен жақсы және ақылды адамды жолықтырған кезде, бірінші адам екіншісінен жақсырақ және ақылды болу үшін адамгершілікке үйренеді делінеді.

«过化存神» идиомасы да «Лунь Юй» еңбегінен шыққан. Мағынасы: қайырымды адам бір жерден өтіп бара жатқанда сол жердегі адамдар оның ықпалында болады және Аспан мен Жер қағидаттарына сәйкестеле бастайды.

«反求诸己» Мэн Цзының «Ли Лоу Шан» еңбегінен шыққан. Бұл идиома адам мәселенің себебін өзінен іздеудің орнына одан қашады деген мағына береді. «Егер адам өзінің әрекеті арқылы қалаған нәтижеге қол жеткізе алмаса, онда ол өзін сынап, ой елегінен өткізуі керек. Оған өзінің жүріс-тұрысы дұрыс әрі әділ болған кезде адамдар табиғи түрде оған сеніп, соны ұстанатын болады».

«浩然正气» Мэн Цзының «Гун Сунь Чоу Шан» еңбегінен шыққан. Идиома тақуашыл, әділ және ашық мінезді адамдарға қатысты. Мэн Цзы айтқан екен: «Мен өзімнің тақуалығымды, тақуалық энергиямды жетілдіремін... Бұл энергия шексіз және аса үлкен күшке ие. Бұл энергияға мейірімділік пен адамгершілікті қосу қажет».

«见义勇为» идиомасы әділ іс жасағанда батыл болу керек дейді.

«博施济众» идиомасында барлық жерде өзгелерге қол ұшын беру керек делінеді.

«与人为善» идиомасы игі істер жасап жүрген адамдарды мадақтауға кеңес береді.

Ал «择善而从» идиомасы жақсы адамдардан үлгі алу керектігі туралы айтады.

Сонымен қатар қытай идиомаларын Дао мәдениеті де бейнелейді. Екі мысал келтірейік: «道法自然», бұл Дао табиғилықты ұстанады деген сөз; «清静无» – құбылыстардың өз ағымымен болуына мүмкіндік жасау.

Көптеген идиомалар Даосизмнің негізін қалаған Лао Цзы ойларынан шыққан. Төменде бірнеше мысал келтірілген.

«天道无亲，常与善人» идиомасында аспан принциптері үшін туыстық ешқандай рөл атқармайды, ол принциптер барлық адамдарға бірдей, алайда мейірімділік көрсету аспан принциптеріне сәйкес келеді, сондықтан аспан принциптері мейірімді адамдар артында тұрады және олар бір іс істегенде Құдай оған көмектескен сияқты көрінеді дейді.

«天长地久» идиомасы Аспан мен Жер сияқты ұзақ ғұмыр сүріп келе жатқан нәрселер жайында баяндайды; ол көне тарихи кезді немесе кей заттардың өзгермес табиғатын сипаттайды.

«千里之行，始于足下» идиомасында адамның белгілі бір істе жетістікке жетуі үлкен бір істі тындыру үшін оның көптеген ұсақ істерді тындырғанының нәтижесі болып табылады дейді. Мұнда сонымен қатар адам мықты болуы керек және ешқашан берілмеуі керек дейді. Лао Цзы былай депті: «Үлкен бұтақтары бар алпауыт ағаш кішкене шыбықтан өсіп шыққан; тоғыз қабатты тұғырнама жерден бастау алып тұр; ұзындығы мыңдаған ли-ге созылып жатқан саяхат бірінші қадамнан басталады».

Бұдан басқа «见素抱朴» деген идиома бар. Оның мағынасы: бастапқы табиғатыңды көрсету керек, қарапайымдылық пен тазалығыңды сақтап, табиғатқа бағыну керек.

«内圣外王», мұнда алға ұмтылу үшін іштей парасатты болып, сырттай патшадай ұлылық көрсету керек делінген. Бұл қасиеттер қоғамда адамдарды басқару үшін қолданылуы мүмкін.

«功成不居» идиомасы адам өзінің жеткен жетістігін тек өз есебіне жазбауы керек.

Қытай идиомаларында буддалық мәдениет те көрініс тапқан. Төменде бірнеше мысал.

«佛法无边» - Будда заңдарының мазмұны мен қуаты шексіз дейді.

«佛光普照» - Будда нұры барлық жерге шашылады.

«大慈大悲» - адамдар қайырымдылық көрсетсін дейді.

«普度众生» - барлық жанды нәрсені құтқару керек.

«明心见性» сияқты идиомалар будда мәдениетінің аспектілерін көрсетеді.

«一尘不染» еш нәрсемен кірленбейтіндерге арналған.

«神通广大» идиомасы Құдайдың және кереметтердің құдіретті күштерін сипаттау үшін қолданылады.

«五体投地» идиомасы біреуге шексіз таң қалған кезде пайдаланылады.

«善有善报, 恶有恶报» жақсылық жақсылықпен қайтатыны туралы айтады, ал істелген жамандық жамандық боп қайтады. Бұл идиома «кармалық сауап» қағидасы туралы айтады және адамдарды жақсылық жасауға, жақсылыққа жетуге ұмтылуға шабыттандырады. Сонымен қоса сақтандырады және оятады.

Чэн Сюан мен Чюан Цзи чэньюйлердің үш ерекшелігін атап көрсетеді:

1) “从结构上看, 成语是结合得比较紧的词组或句子而不是词”。

Яғни, «чэньюйлер өз арасында тығыз байланысқан сөз тіркестері немесе сөйлемдер, бірақ сөздер емес».

2) “成语的语言精练而富有形象, 说明问题很透彻”。

Яғни, «чэньюйлердің қысқа тілі мен бай образдылығы кез келген құбылысты айқын сипаттайды».

3) “成语有它特定的意义, 与一般的语句不同, 它的内容十分丰富。有许多成语概括了事物的本质, 反映了当时社会情况和人民饿思想意”。

Яғни, «чэньюйлер мағынасы айқын, олар мазмұнының байлығымен ерекшеленеді. Көптеген чэньюйлер заттар мен құбылыстардың мәндерін біріктіре отырып, адамзаттың пайда болған кездегі қоғамдағы орны мен көзқарасын сипаттайды» [4,71].

Ең қызығы - қытай тілінің әр чэньюйінің пайда болуының өз аңызы бар, мұны қазақ және орыс идиомаларынан бірден бір ерекшелігі деп айтсақ болады. Мысалы: «画蛇添足» егер осы идиоманы қазақшаға аударсақ, тура мағынасында «жыланға аяқ салу», ал орысша нұсқасындағы тура мағынасы «нарисовав змею, пририсовать ей ноги». Бұл чэньюйдің аңызы мынадай: күндердің бір күнінде достар жиналып, шарап ішіп отырса керек. Кештің көңілдірек өтуі үшін өз араларында жарыс ұйымдастырыпты. Оның шарты мынадай екен: кім бірінші жыланның суретін салса, сол барлық шарапты жалғыз өзі ішеді. Жарыс басталған соң қатысушылардың біреуі бірінші болып жыланды салып болады, бірақ басқалардың әлі сурет салып жатқанын көріп, үлгерем деп жыланға аяқ салып қоймақшы болады. Ол аяқ салып жатқанда біреу сурет салып болып қояды. Нәтижесінде сурет салып болған адам барлық шарапты ішеді де, аяқ салмақшы болған қатысушы ештеңесіз қалады. Жоғарыдағы айтылғанның мағынасы - артық қылу, жөнсіз тырмысу. Қазақта осыған қатысты «артық қылам деп, тыртық қылу» деген сөз бар, ал орыс тілінде «пятое колесо в телеге; как собаке пятая нога» деген тұрақты тіркестер бар.

Қорытындылай келе, қытай тілі фразеологиялық қоры өте бай тіл екендігін айта кеткім келеді. Фразеологизмдердің шығу тарихы мен мән-мағынасын ұғыну арқылы қытай халқының мәдениеті мен өзіндік ерекшелігін байқауға болады. Тілді дұрыс әрі толық меңгеру үшін ең негізгі фразеологизмдерді білу қажет, себебі фразеология қытай тілінің бүкіл лексикологиясында айтарлықтай орын алады.

Қолданылған әдебиет

1. И.Т. Зограф «Официальный вэньянь». М.: Наука, 1990
2. «中国大百科全书, 语言文字» (Қытайдың үлкен энциклопедиясы, тіл және жазу бөлімі). – Пекин: Қытай энциклопедиясының баспаханасы, 1998ж.
3. Мәсімхан Д., Әбиденқызы А. «Қытай филологиясына кіріспе»: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002 ж.
4. Горелов В.И. «Лексикология» М.: Изд-во «Высшая школа», 1986ж.